

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кәсіби  
біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес отырысының  
(бұдан әрі – Салалық кеңес)  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 ж. 8 желтоқсан  
сағ. 10:00

**Төрағалық етті:**

**Қатысқандар:**

Салалық кеңес мүшелері (тізім бойынша)

**Күн тәртібі:**

1. Салалық кеңестің төрағасын сайлау туралы.
2. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» саласының салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы *(баяндаушы А.Айтбаева)*.
3. «Энергетикалық аудит (Энергия аудиті)» кәсіптік стандарт жобасын қарау және келісу туралы *(баяндаушы А.Айтбаева)*.

**Талқылау нәтижесінде шешім қабылданды:**

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитеті Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру басқармасының (бұдан әрі - басқарма) басшысы С. Инаханованың және «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылармен жұмыс департаментінің Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылармен жұмыс жөніндегі басқармасының басшысы Д. Танашеваның кәсіби біліктіліктер бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратын назарға алынсын.
2. «Қазақстан Республикасының энергоаудиторлары, энергоменеджерлері және энергосрапшылары палатасы» ЗТБ басқарма төрағасы М. Есекиннің кандидатурасын Салалық кеңестің төрағасы етіп сайлау.
3. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» саласының салалық біліктілік шеңбері және «Энергетикалық аудит (Энергия аудиті)» кәсіби стандартының жобалары бойынша басқарманың сарапшысы А. Айтбаеваның ақпараты назарға алынсын.
4. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» саласының салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.
5. «Энергетикалық аудит (Энергия аудиті)» кәсіби стандартының жобасы кейін бекіту үшін келісілсін.
6. 2024 жылғы қаңтарда салалық кеңестің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.
7. Салалық кеңестің хатшысы осы хаттамаға қол қоюды және кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес мүшелеріне таратуды қамтамасыз етсін.

**Вице-министр,**

**Салалық кеңес төрағасының**

орынбасары

**І. Оспанов**

**Подписано**

12.12.2023 10:29 Оспанов Ильяс Есетович



КОМИТЕТ ИНДУСТРИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ - АЙТБАЕВА А. Т.